

Қазақ балалар әңгімелерін жаңа технологиямен оқыту мен талдау жолдары

Г. Кажобаева^{*1}, Н. Конкаева², А. Ақтанова³

^{1,2}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

³Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Астана қ., Қазақстан Республикасы



Аңдатпа. Мақалада қазақ балалар әңгімелерінің қазіргі білім беру жүйесінде оқытылуы мен оқытуға берілген ұсыныстар қарастырылған. Прозалық шығармаларды жаңа технологиялардың көмегімен оқыту кезіндегі қиындықтар мен оны жеңілдетудің тәсілдері көрсетілген. Балалардың өмірі мен мінез-құлықтарына және олардың қоршаған әлемді тануына, рухани білім алып, жетілуіне ықпал ететін шығармалар да талданып берілді. Мақаланың ерекшелігі мектеп бағдарламасында қарастырылған балаларға арналған шығармалармен қатар, қосымша оқытуға ұсынылатын шығармаларды талдап беруінде. Мақаланың басты мақсаты да балаларға арналған әңгімелердің мектеп бағдарламасы бойынша алынғандарының оқытылуы және мектеп бағдарламасынан тыс алынғандарының талдау үлгісін көрсетіп, мұғалімге көмек болатын жағын қарастыру. Балаларға арналған әңгімелердің тақырыбы мен идеясы, көркемдігі мен тілдік ерекшеліктері талданып, кейіпкерлер жүйесі сараланып берілді.



Тірек сөздер: әңгіме, оқыту технологиясы, көркемдігіне талдау, әңгіменің тақырыбы, инновациялық технологиялар.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Кажобаева, Г., Конкаева, Н., Ақтанова, А. Қазақ балалар әңгімелерін жаңа технологиямен оқыту мен талдау жолдары [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №2. – Б. 82-90.

Кіріспе

Әдеби шығарма жөнінде сөз қозғағанда, алдымен «шығарма арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары» тақырып сөз болары анық. Жазушының тақырыптық ізденісі – күрделі шығармашылық процесс. Қазіргі кезеңде балалар мен жеткіншектерге, жасөспірімдерге шығарма жазып жүрген жазушылардың шығармашылығында қандай тақырыптық ізденістер бар деген сауал әдебиеттану ғылымында өзектілігін көрсетіп отыр. Қазақ балалар әдебиеті күн санап жаңа тақырыптармен арнасы толығып келеді.

Ал сол шығармаларды оқырманына оқытып, талдатуға жаңа технологияларды қолдану қашан да маңызды. Инновациялық технология оқу мен үйренудің негізін ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді әдістер құрайды [1].

Материалдар мен әдістер

Мақалада негізгі әдіс ретінде талдау, саралау, жинақтау және жаңа инновациялық технологияларды қолдану әдістері қарастырылды. Мақаланың талдау материалдарына мектеп бағдарламасына кірген және бағдарламадан тыс оқытылуға

ұсынылатын балаларға арналған әңгімелер алынды.

Нәтижелер

Қазақ балалар әңгімелерін жазу барысында жазушылардың шығармашылық процесінде жиі кездесетін және жиі жазылуы тиіс тақырыптардың бірі – балалар өмірі, мінез-құлық тәрбиесі.

Ә. Толымбектің «Жоғалған сөмке», «Еркешора», Д.Досжанның «Арман баланың бастан кешкен қызықты оқиғалары», Б. Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді», «Бейкүнә күнәһарлар», А.Мантайдың «Балалықтың көктемі», М. Бейсенбайқызының «Әкесін іздеген ұл», Айкерім Қиықбайдың «Ағамның ақ ұшағы», «Мейірім», Әдина Жүсіптің «Мен ұры емеспін», Әлібек Файзуллаев «Бауырмалдық», «Жоғалған кәмпит», «Ұрлық», «Жаңа бәтеңке», «Ескі бәтеңке», Серік Үсенұлы «Сәби арманы», «Арман», Лира Қоныс «Тиын» әңгімелері бүгінгі қазақ балалар әдебиетін тақырыптық, жанрлық-көркемдік тұрғыдан байытуға айтарлықтай үлес қосты. Бұл әңгімелердің ерекшеліктері оқиғалығында, сюжет тартымдылығында, танымдық тағылымыдық, тәрбиелік мәліметтерінің молдығында.

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы – Толымбек Әбдірайым бүгінге дейін балалар прозасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген қаламгер. Жазушының осыған дейін көптеген прозалық жинақтары жарық көрген. Атап айтсақ «Еркек шора» әңгіме, ертегілер мен повестер жинағы, «Мақтаншақ сары сағат», «Ине мен жіп», «Жалқаулыққа кім үйір?» ертегілер топтамасы, «Әуелеп ұшқан тырналар», «Аю құлақ», «Меңді қыз» повестер мен әңгімелер жинағы жарық көрген, өзінің жазушылық жолын әбден қалыптастырған, бүгінгі күннің шебер қаламгерлерінің бірі. Жоғарыда аты аталған кітаптарының көбі балалар мен жасөспірім, балаларға арналған. Жазушы әңгімелерінің тілі жеңіл. Балалар тіліне, қызығушылығына лайықтап жазылған. Ең бастысы баланың психологиясын жақсы суреттей алған.

Ә. Толымбектің «Еркешора» әңгімесінің басты кейіпкері – Жанат. Отбасыларында сегіз жан. Атасы, апасы, әкесі, анасы, әпкесі, екі сіңілісі. Үлкендері – Күләш апасының, Жанат – атасының баласы. Күләш шала туғандықтан әлсіздеу, аурушаң болғандықтан, анасының қолқанаты – Жанат. Әңгіме Жанаттың Тошанды ұрып тастауынан өрбиді. Жанат ұлдармен ойнағанды, төбелескенді ұнатады және әпкесімен әрқашан сөзге келіп, ренжісіп қалады. Оған Күләштың үй шаруасына көмектеспеуі, бауырларын қарамауы, қуыршақтарын ғана жақсы көруі, сәл нәрсеге жылап қалуы ұнамайды. Жаңа оқу жылы басталғанда қызық көріп әжесі мен Күләшқа еріп Жанатта мектепке барады. Күләштың сыныбына кіріп, оқушылармен бірге отырады. Әңгіме оқиғасы күнделікті балалар өмірде кездесетін қалыпты оқиғалар, бірақ сол қалыпты оқиғалардан жазушы балалар өміріне сабақ боларлық тағылымды ойды алға шығара білген [2].

Балалар прозасындағы тақырыптардың бірі – қорғансыз жетім бала тағдыры. Бұл тақырып – әлемдік көркем әдебиет тарихындағы мәңгілік тақырып десек, жетім бала өмірі қай әдебиетте, қай дәуірде болсын өзекті тақырыптардың бірі болып қала бермек. Әлемдік әдебиеттегі жазушылардың ізденісіне көз жіберсек, дат жазушысы, ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің «Шырпы сатқан қыз» ертегі-әңгімесі, ағылшын жазушысы Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері», Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері», Джеймс Гринвудтің «Өгей бала», орыс қаламгерлері А.Чеховтың «Ванька», «Ұйқы келеді», А.М.Горькийдің «Жетімек», А.С.Серафимовичтің «Торғай түн» әңгімелері, хикаяттары болса, қазақ әдебиетінде қорғансыз балалар тағдыры көркем бейнеленген М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», С.Дөнентаевтың «Көркемтай», Қ.Кемеңгерұлының «Жетім қыз», «Момынтай», Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» шығармалары санаға орандары сөзсіз.

Ал қазіргі кезең балалар әдебиетінде мәңгілік тақырып – жетім бала өмірі қандай деңгейде суреттеліп жүр десек,

жазушылардың ізденісіне көз жеткізуге болады. Қоғамдағы әлеуметтік, отбасылық ауыртпалықтар белең алды. Осыған орай бұл тақырып тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көптеп көтерілді. Солардың бірқатары – Маркиза Базарбайқызының «Қызыл топлай», «Әке мейірімін аңсау», «Көсеу» әңгімелері [3], Әбдірайым Толымбектің «Тұнжыр» хикаяты [2], А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» хикаяттары [4]. Бұл шығармалар ерекшеліктері не дегенде, жазушылардың жетім бала тағдырының әлеуметтік қоғамдық шындығын психологиялық тұрғыдан шынайы жеткізе білуінде. Әбдірайым Толымбектің «Тұнжыр» хикаятында Рауан есімді он екі жасар баланың кезбелік тағдырға ұшырауы, оған бірден-бір себепкер – ата-аналарының мінез-құлқы, өгей шешенің қатыгездігі суреттелсе, А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» хикаятында автордың өгей әкеден көрген қорлығы бейнеленеді [4].

Жас буынның санасына ұлттық құндылықтарды сіңіру тақырыбының да бүгінгі балалар әдебиетінде өзіндік атқарар көркемдік жүгі, қызметі бар. Ә. Толымбек «Наурыз», «Әже, келдің бе?», Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?», Әлібек Файзуллаев «Әже өсиеті», Елдос Тоқтарбай «Қара жорға» Есей Жеңісұлы «Талапкердің әкесі», Бақытгүл Бабаш «Кие» әңгімелері ұлттық танымға негізделіп жазылған.

Ә. Толымбек «Наурыз» әңгімесі балдырғандар қабылдауына ықшамдалып жазылған. Әңгіме ерекшелігі: наурыз мезгілінің қазақ ұлты үшін қаншалықты қадірлі екендігін бала санасына жеткізуінде.

Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесінің атауының өзі қоғамға немесе сол қоғамда тіршілік кешіп жатқан барша қазақ қауымына қойылған сұрақ іспеттес. Әкенің өз балалары үшін назғыз әжені іздеуі кез келген адамға ой салады. «Бұрынғы әже» мен «қазіргі әже» деген екі түсінік алдымыздан қылаң береді. Қазақ баласы үшін қасиетті ат, қадірлі жан «Әже» неге екі түрлі сипатқа енген деген

сұраққа жауап іздеген қаламгер әңгімедегі кішкентай бала мен үлкен адам образын қатар ала отырып, олардың әжеге деген көзқарасын салыстыра суреттеген. Әңгіме сюжеті басты образдың ішкі жан дүниесінен бастау алады. Алғашында балаларына ертегі айтып беріп, оны әдетке айналдырған басты кейіпкер өзінің туып өскен ортасында айтылған ертегілер арқылы сол сәтке қайта оралған еді [5].

Дәстүрлі тақырыптардың бірі – еңбек. Арасанбай Естенов «Маңдай тер» әңгімесінде кішкентай баланың жеміс ағашын отырғызуы және оның өсуіне балалық таңданысын суреттейді. – Ата, маңдай тер деген не? – Ә-ә, маңдай тер деген бе? Маңдай тер деген – сенің осы жеміс ағашының жайқалып өсуіне төккен терің, сіңірген адал еңбегің. Атамыздан қалған «табан ақы, маңдай тер» деген сөз бар. Міне, ала жаздай осы бау-бағымызды күтіп-баптап, сары күзде жинаған жемісіміз екеуіміздің табан ақы, маңдай теріміз, яғни өзіміздің таза еңбегіміздің төлеуі болып саналады. Демек, өзіміз егіп, өзіміз өсірдік, өзіміз жинадық. Ешкімнен сұрап та, сатып та алған жоқпыз. Рас қой? – Иә! – Ендеше, біліп қой, табан ақы, маңдай термен тауып жеген астан дәмді ештеңе жоқ. Бақыт дегенің де – сол еңбегіңнің жануы, маңдай теріңнің жемісін жеу деген сөз, балам! Атасының салиқалы сөздері көңіліне қанат бітірген кішкентай Олжас қолына шап-шағын күрегін алып, алма ағашының түбін қопсытуға кірісіп кетті. Кішкентай немересінің құлшынысына көңілі сүйсінген атасы да кетпенін иығына асып, саяжайдың екінші жағына аяңдады. «Иә, раббым, кішкентай бағбаныңның талабына өзің медет бере гөр!» [6. 220]. Атасы мен немересінің диалогы арқылы балаларға адал еңбектің қадірін ұғындырады. Әңгімеде «табан ақы, маңдай тер» деген сөз бар. Бұл ұлттық дүниетанымның көрінісі. Біреудің «табан ақы, маңдай терін жеуге болмайды» деген керемет ғибрат халықтық тәрбиенің өзегі. Қаламгер әңгіме сюжетін ұлттық таным негізінде өрбіткен. Ата мен немеренің арасындағы даналыққа толы диалог сюжеттің негізгі идеясын ашады. Адал еңбек ету, еңбек-

тің жемісін көру, еңбекпен тапқан астық қадірі деген адами құндылыққа жетелейтін ойлар арқылы өрбіген сюжет өзінің көркемдік шешімін тапқан. Кішкентай Олжастың еңбек етуге деген құлшынысын ұлтымыздың ұлы дүниетанымымен жеткізген ата ғибраты тұнып тұрған ұлттық тәрбие. Бұдан әңгіменің ұлттық сипаты көрінеді. Жалпы кез келген шығармадағы ата мен әже бейнесі сол туындыға ұлттық сипат беретіні анық.

Поэзияда жиі өрнегін тапқан тақырыптардың бірі – мамандық тақырыбы болса, прозада бұл тақырып сәл бәсеңдеу жазылатындығы байқалады. Нұрлан Құмардың «Дәрігер қыз» әңгімесінде Еркін мен Ерік ерегісіп, Ерік ызаланып қолындағы ойыншық темір қалақпен Еркіннің тізесінен салып қалады, аяғы жараланып қалуы баяндалады. Бұл отбасында күнделікті бала өмірінің боямасыз шындықтың суреттері. Ал сол шындықты жазушы қаншалықты тартымды суреттей алды десек, әңгімеде бала жасына сай қақтығыс бар екендігіне куә боламыз. Әңгімедегі сюжетті өрбіткен, оның тартысына серпін берген де сол шағын оқиға [7].

Талқылау

Бүгінгі балалар әңгімелерінде экология, табиғат тақырыбындағы ізденісті көруге болады. А.Алтайдың «Дегелеңдегі қызыл күн», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімелерінде қазақ даласын жайлаған полигон зардабы суреттелсе, А.Алтай «Сарытау серісі», «Аютамыр», «Бөкентұмсық», Жаңабай Кемал «Шөлдеген шағала», Маркиза Базарбайқызы «Су – тазалық», Әбдірайым Толымбек «Қайыңның көз жасы», Әлібек Файзуллаев «Ақ көбелек», «Ақ қар», «Жаратылысты жете білу» әңгімелерінде табиғат қазынасын қадір тұту, табиғат құбылыстарының әдемілігін түйсіну, бағалау, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас өрнегін тапқан.

А.Алтайдың «Дегелеңдегі қызыл күн», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімелері Семей полигонының адам

өміріне, әсіресе жас буын, ұлтымыздың ұрпағына әкелген трагедиясын шынайы суреттеумен ерекшеленеді.

А.Алтайдың «Дегелеңдегі қызыл күн» әңгімесін талдауға алсақ, әңгіме оқиғасы бір топ баланың Абыралы тауынан арқар көруге барған алаңсыз балалар тіршілігі әсерлі суреттелуімен басталады. Сол бір алаңсыз, әдемі тіршілікті полигондағы сынақ бұзады. Және ол атом бомбасының сынағы кішкентай Қамыжұмақанның мәңгілік суқараңғы болып қалуына әкеледі. Бұл тек қана бір кейіпкердің емес, қазақ даласындағы талай кішкентай Қажымұқандардың трагедиясына айналған еді құрайды [8].

Инновациялық технология оқу мен үйренудің негізін ойлау мен рефлекцияға негізделген интербелсенді әдістер құрайды [1]. «Түймедақ», «Семантикалық карта», «Домино», «Балық қаңқасы», «Венн диаграммасы», «ПОПС формуласы», «Қос жазба күнделігі» т.б. [9].

Білім алушының жеке дамуына бағытталған инновациялық білім беру технологиялары балалардың шығармашылық қабілеттері мен белсенділігін дамытумен байланысты екенін атап өткен жөн. Бұл мәселелерге байланысты «Түркі халықтарының балалар поэзиясын оқытудың инновациялық-технологиялық ерекшеліктері» деген зерттеу мақаласында біршама тиянақты талданған [10].

Балаларға арналған әңгімелерді талдау барысында жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, шығарма талдауға ұсынылады.

- Қазақ балалар әңгімелерінің қалыптасуы мен дамуын «Венн диаграммасы» арқылы салыстырыңыздар.
- «ПОПС формуласы» арқылы қазақ балалар әңгімелеріндегі дәстүр мен жаңашылдық туралы пікірлеріңізді білдіріңіздер.

ПОПС формуласы:

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша...»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған баланысты мен мынандай қорытындыға келдім...»

- «Толымбек Әбдірайым прозасының құндылығы неде?» деген сұрақ төңірегінде кластер құрыңыздар.
- М.Базарбайқызы әңгімелері бойынша «Блум түймедағы» тәсілі арқылы қарапайым сұрақтар, анықтаушы сұрақтар, тәжірибелік сұрақтар, интерпретациялық сұрақтар, шығармашылық сұрақтар (болжам), бағалаушы сұрақтар (салыстыру) құрастырыңыздар.




- Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді» әңгімесі жөнінде пікірлеріңізді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы (пікір, дәлел, мысал, қорытынды) білдіріңіздер.

4-тапсырма. «Төрт сөйлем» әдісі

1. ПІКІР
2. ДӘЛЕЛ
3. МЫСАЛ
4. ҚОРЫТЫНДЫ

- Серік Жетпісқалиұлының «Жер иісін сағынған бала», «Су астындағы сұңғыла тайпа» ертегілерін «Балық қаңқа-

сы» тәсілімен (мәселе, себептері, дәлелдер, қорытынды) талдап, қорытынды жасаңыздар.



- А.Алтайдың «Дегелеңдегі қызыл күн», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», А.Алтай «Сарытау серісі», «Аютамыр», «Бөкентұмсық», Жаңабай Кемал «Шөлдеген шағала», Маркиза Базарбайқызы «Су – тазалық», Әбдірайым Толымбек «Қайыңның көз жасы», Әлібек Файзуллаев «Ақ көбелек», «Ақ қар», «Жаратылысты жете білу» әңгімелері бойынша «Ойлаудың алты қалпағы» тәсілі арқылы алты топқа бөлініп, «ақ қалпақ» (про-

лемаға қатысты деректерді талассыз келтіру), «сары қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айту), «қара қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтсіз кезеңдерін айту), «көк қалпақ» (талдау жасау, «не үшін?», «неге», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздеу), «жасыл қалпақ» (тың деректер мен болжамдар айту), «қызыл қалпақ» (сезімдерін тұжырымдау, ой қорытындысын жасау) көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

«Алты қалпақ» ойыны



Балалар прозасын зерттеген ғалым Б.Ыбырайым: «Ал, адамның рухани дамуы бала кезден басталатыны белгілі. Жазылмаған ақ қағаздай бала жанына дүние таңбасы түсіп, қоршаған орта, табиғат,

қоғам сыры бала санасында хал-қадырынша бейнеленіп жатады. Егер соның бірі бала санасында ешқандай жүйесіз, бей-берекет түрде бейнелесе, өмірді өзгенің әсерінсіз, дербес ұғынған жас

өскіннің жан-жақты рухани жетілуі -келденуі мүмкін емес. Өзгенің әсері дегеніңіз – түптеп келгенде, ұзақ жылдар бойы, тіпті ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық-ұлттық таным мен интернационалдық тәжірибенің ықпалы ғой. Егер ертеректегі балаларға осындай ықпал жасайтын негізгі рухани қуат фольклор болса, бүгінде ондай факторлардың түрі соншалықты көбейген. Соның ішінде, балаларға, әсіресе, айрықша әсер ететін балалар прозасының орны өзгеше. Қоғамымыздың жас буынына – келешек атпал азаматтарымызға жасалар қамқорлық қашанда да зор. Соған орай әдебиетке, соның ішінде балалар прозасына қойылар басты талаптар – өмірдің, тарихтың өзекті сырларын, негізгі шындығын таныту, этикалық, эстетикалық тұрғыдан жан-жақты тәрбиелеу қоғамдық мүддеден туындап жатады» [11.136] деп жазғандай, қазіргі кезең балалар әңгімелерінде кейіпкерлер әлемін сомдауда жазушылар бала психологиясына сай келетін оқиғаларды өрбітіп, характерлерді туғызаып, балалардың рухани жетілуіне үлес қосып келеді.

Сонымен бірге білім беру үрдісінде оқытудың жаңа тәсілдеріне, мұғалімдерді оқыту стратегияларына, құралдарға, әдістер мен тәсілдерге байланысты да жаңалықтар қарастырылуы керек. Қазіргі білім беру жүйесін зерттеп отырған ғалымдар мен әдіскерлер заманауи талаптарға сай шетелдік және отандық әдістемені саралап беріп отырғаны да жақсы үрдіс деуге болады [12]. Ойымызды жинақтай келе білім алушылардың жас ерекшеліктері мен көркем туындыны қабылдау психологиясына байланысты шығармаларды саралап және оларды оқыту әдістері үнемі аман талабына сай жаңаланып отыруы керек деп санаймыз.

Қорытынды

Қорыта келе, балалар оқуына ұсынылатын және балаларға арналған шығармаларды мектепте оқытуға байланысты жасалып отырған зерттеулер бүгінгі күні өзінің нәтижелерін бере бастады деуге болады. Жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты және онда қарасты-

рылған оқу мақсаттарындағы ғылыми-теориялық ұғымдардың да талданып, саралануы қазіргі оқыту әдістемесінің ең өзекті мәселесі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Пиаже, Ж.** Речь и мышление ребенка [Текст] / Пер. С фр. и англ. – М.: Педагогика-Пресс, 1999. – 347 б.
2. **Әдірайым, Т.** Алабұға аулаған күн: Хикаят, әңгімелер, ертегілер, мысалдар [Мәтін]. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2012. – 256 б.
3. **Базарбайқызы, М.** Әкесін іздеген ұл: балаларға арналған әңгімелер жинағы [Мәтін]. – Алматы: Орнак, 2015. – 176 б.
4. Алтын қалам [Мәтін]. – Алматы: Өнер, 2010. – Б. 23-82.
5. **Ақыш, Н.** «Нағыз әже қайда?» әңгімесі [Электронды ресурсы] // <https://bilim-all.kz/article/8880-Nagyuz-azhe-qaida> [Қаралған күні: 31.05.2023]
6. **Естенов, А.** «Маңдай тер» әңгімесі [Электронды ресурсы] // <https://bilim-all.kz/article/10815-Mandai-ter> [Қаралған күні: 31.05.2023]
7. **Құмар, Н.** «Дәрігер қыз» әңгімесі [Электронды ресурсы] // <https://bilim-all.kz/article/12236-Dariger-qyz> [Қаралған күні: 31.05.2023]
8. **Алтай, А.** Дегелеңдегі қызыл күн [Мәтін]. – Алматы: Арда+7, 2017. – 232 б.
9. **Курманова, А. К.** Жаңартылған білім мазмұнына сай студенттердің шығармашылығын дамытуда қолданылатын интербелсенді әдістер // «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары [Мәтін]. – Көкшетау, 2017, 2 том. – Б.194
10. **Mukhamedzhanova, A., Sartbayeva, D., Zhapparkulova, A., Meirbekov, A., Moldashova, A.** Innovative-technological features of teaching children's poetry of the Turkic peoples [Características tecnológicas innovadoras de la enseñanza de la poesía infantil de los pueblos Turcos] (2020) Opcion, 36 (91), pp. 551 - 567.
11. **Ыбырайымов, Б.** Қазіргі қазақ балалар повестерінің көркемдік ерекшеліктері [Мәтін]. Ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 1990. – 163 б.
12. **Naimanbaev, A., Satemirova, D.A., Alpysbay, T., Rakhat, S., Abdigazievich, B., Nazarova, A.** Teaching Kazakh novels with electronic book applications; Teacher and student opinions (2021) Cypriot Journal of Educational Sciences, 16 (5), pp. 2808 - 2818. DOI: 10.18844/cjes.v16i5.6369

References

1. **Piazhe, Zh.** Rech' i myshlenie rebenka [Speech and thinking of the child] [Tekst] / Per. S fr. i angl. – М.: Pedagogika-Press, 1999. – 347 б.

2. **Ádiraiym, T.** Alabuğa aýlağan kún [Day of catching perch]: Hikaiat, áńgimeler, ertegiler, mysaldar [Mátin]. – Almaty: Balalar ádebieti, 2012. – 256 b.
3. **Bazarbaiqyzy, M.** Ákesin izdegen ul [Son looking for his father]: balalarǵa arnalǵan áńgimeler jinaǵy [Mátin]. – Almaty: Ornak, 2015. – 176 b.
4. **Altyn qalam [Golden Pen]** [Mátin]. – Almaty: Óner, 2010. – B. 23-82.
5. **Aqysh, N.** «Naǵyz áje qaida?» [Where is the real grandmother?] áńgimesi [Elektrondy resýrs] // <https://bilim-all.kz/article/8880-Nagyaz-azhe-qaida> [Qaralǵan kúni: 31.05.2023]
6. **Estenov, A.** «Mańdai ter» [Forehead Sweat] áńgimesi [Elektrondy resýrs] // <https://bilim-all.kz/article/10815-Mandai-ter> [Qaralǵan kúni: 31.05.2023]
7. **Qumar, N.** «Dáriger qyz» [Doctor girl] áńgimesi [Elektrondy resýrs] // <https://bilim-all.kz/article/12236-Dariger-qyz> [Qaralǵan kúni: 31.05.2023]
8. **Altai, A.** Degeleńdegi qyzyl kún [red sun in Degelen] [Mátin]. – Almaty: Arda+7, 2017. – 232 b.
9. **Kýrmanova, A. K.** Jańartylǵan bilim mazmunyna saı stýdentterdiń shyǵarmashylyǵyn damytýda goldanylatyn interbelsendi ádister [interactive methods used in the development of students' creativity in accordance with the updated content of education] // «Qazaq til biliminiń ózekti máseleleri» aty halyqaralyq ǵylymı konferenııa materialdary [Mátin]. – Kókshetaı, 2017, 2 tom. – B.194
10. **Mukhamedzhanova, A., Sartbayeva, D., Zhaparkulova, A., Meirbekov, A., Moldashova, A.** Innovative-technological features of teaching children's poetry of the Turkic peoples [Características tecnológicas innovadoras de la enseñanza de la poesía infantil de los pueblos Turcos] (2020) *Option*, 36 (91), pp. 551 - 567.
11. **Ybyraıymov, B.** Qazirgi qazaq balalar povesteriniń kórkemdik erekshelikteri [Artistic features of modern Kazakh children's stories] [Mátin]. f.ǵ.k. diss. – Almaty, 1990. – 163 b.
12. **Naimanbaev, A., Satemirova, D.A., Alpysbay, T., Rakhat, S., Abdigazievich, B., Nazarova, A.** Teaching Kazakh novels with electronic book applications; Teacher and student opinions (2021) *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 16 (5), pp. 2808 - 2818. DOI: 10.18844/cjes.v16i5.6369

Изучение и анализ казахских детских рассказов путем новой технологии

Г. Кажибаетова*¹, Н. Конкаева², А. Актанова³

^{1,2} Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова

г. Кокшетау, Республика Казахстан

³Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

г. Астана, Республика Казахстан



Аннотация. В статье рассмотрены рекомендации по преподаванию и изучению казахских детских рассказов в современной системе образования. Показаны трудности при изучении прозаических произведений и способы их изучения с помощью новых технологий. Также были проанализированы произведения, способные повлиять на жизнь и поведение детей, познание окружающего мира, получению и совершенствованию духовных знаний. Специфика статьи заключается в анализе произведений, предлагаемых к дополнительному чтению, а также произведений для детей, предусмотренных школьной программой. Главная цель статьи также – изучить те рассказы для детей, которые помогут учителю, показав пример анализа полученных по школьной программе и полученных вне школьной программы. Были проанализированы темы и идеи рассказов для детей, художественность и языковые особенности, проанализирована система персонажей.



Ключевые слова. Рассказ, технология обучения, анализ художественности, тема рассказа, инновационные технологии

Ways of teaching and analyzing Kazakh children's stories with new technologies

G. Kazhibayeva*¹, N. Konkaeva², A. Aktanova³

^{1,2} Kokshetau University named after sh. Ualikhanov
Kokshetau, Republic of Kazakhstan

³ Y. Altynsarin National Academy of Education
Astana, Republic of Kazakhstan



Abstract. The article discusses recommendations for teaching and learning Kazakh children's stories in the modern education system. The difficulties in teaching prose works with the help of new technologies and ways to facilitate them are shown. The works contributing to the life and behavior of children and their knowledge of the surrounding world, obtaining and improving spiritual knowledge were also analyzed. The specificity of the article lies in the analysis of works offered for additional reading, as well as works for children provided for in the school curriculum. The main purpose of the article is also to study the side of stories for children that will help the teacher by showing an example of an analysis of those received in the school curriculum and those received outside the school curriculum. The theme and idea of stories for children, artistry and language features were analyzed, the system of characters was analyzed.



Keywords. Short story, learning technology, analysis of artistry, the theme of the story, innovative technologies

Материал баспаға 10.05.2023 ж. келіп түсті